**ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІНІҢ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ (3 критерий)**

**2-тапсырма** (*Берілген тақырып бойынша эссе жазу*)

**Максималды балл:** 30 балл

| **1-Критерий: Ойын жеткізу деңгейі** | **Балл** |
|---|---|
| ▪ берілген тақырыпты толық ашады<br>▪ тақырыптан ауытқымайды<br>▪ ойын еркін, жүйелі жеткізеді<br>▪ өзіндік көзқарасы айқын<br>▪ ойдың логикалық тізбегін сақтайды<br>▪ субьективті ұстанымын нақты деректерге сүйене отырып, дәлелдейді<br>▪ тақырыпқа сәйкес тезис ұсынып, аргументтер арқылы өте жақсы дәлелдейді.<br>▪ Эссе талаптары толық сақталады. | **10-9 балл** |
| ▪ берілген тақырыптан ауытқымайды<br>▪ өзіндік көзқарасы бар<br>▪ мәселеге толық талдау жасаған, бірақ дәлелдері жеткіліксіз<br>▪ тақырыпқа сәйкес тезис ұсынып, аргументтер арқылы жақсы дәлелдейді. | **8-7 балл** |
| ▪ берілген тақырыпты жалпылама береді<br>▪ ойын жартылай жеткізеді<br>▪ логикалық байланыс бар<br>▪ тақырып жартылай ашылғанда<br>▪ тезис ұсынады, аргументтері әлсіз | **6-5 балл** |
| ▪ ойын мүлдем жеткізе алмайды<br>▪ тақырып ашылмайды<br>▪ эссе талаптары орындалмайды | **4-3 балл** |
| ▪ тақырыптан ауытқыған<br>▪ ойы жүйесіз<br>▪ ештеңе жазбаған кезде | **2-0 балл** |

| **2-Критерий: Сөздік қорды пайдалануы** | **Балл** |
|---|---|
| ▪ қазақ әдеби тілінің сөз байлығын еркін пайдаланады (250 сөз)<br>▪ ойын жеткізуде мақал-мәтелдерді, өлең жолдарынан үзінділерді, нақыл сөздер мен фразеологизмдерді, көріктеу құралдарын, образды сөздерді, дәйексөздерді ұтымды қолданады<br>▪ кәсіби сөздер мен термин сөздерді қолданады<br>▪ ой бірізділігін сақтау үшін сөз оралымдарын, қыстырма сөздерді орынды қолданады | **10-9 балл** |
| ▪ қазақ әдеби тілінің сөз байлығын, сөз баламаларын орынды қолданады (150-200 сөз)<br>▪ ойын жеткізуде мақал-мәтелдерді, өлең жолдарынан | **8-7 балл** |

| | |
|---|---|
| үзінділерді, нақыл сөздер мен фразеологизмдерді, көріктеу құралдарын, образды сөздерді, дәйексөздерді қолданбайды<br>▪ сөздерді қайталаулар кездеседі | |
| ▪ тиісті лексикалық минимумды орта деңгейде қолданады (150-100 сөз)<br>▪ сөз баламалары бар<br>▪ сөздерді жиі қайталайды<br>▪ кейбір өзге тілден енген сөздерді орынсыз қолданады | **6-5 балл** |
| ▪ қазақ әдеби тілінің сөз байлығын мүлдем қолдана алмайды (90-50 сөз)<br>▪ сөздік қоры өте төмен<br>▪ ойын жекелеген сөздер арқылы ғана жеткізеді<br>▪ жай сөйлемдер арқылы жазады, көлемі сәйкес келмейді | **4-3 балл** |
| ▪ байланыспаған сөздер тізбегі (40 сөзден төмен)<br>▪ сөздік қоры жоқ | **2-0 балл** |

| **3-Критерий: Грамматикалық сауаттылығы** *(орфографиялық, пунктуациялық және стилі)* | **Балл** |
|---|---|
| ▪ грамматикалық құрылымды, тиісті сөздерді орынды қолданады<br>▪ сөздерді дұрыс тіркестіре алады<br>▪ күрделі құрылымдарды дұрыс құрастыра алады<br>▪ грамматикалық және пунктуациялық, стильдік қателер кездеседі (1-2) | **10-9 балл** |
| ▪ грамматикалық құрылымды, тиісті сөздерді жеткілікті қолданады<br>▪ сөздерді дұрыс тіркестіре алады<br>▪ жай және құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыра алады<br>▪ грамматикалық және пунктуациялық, стильдік қателер кездеседі (3-4) | **8-7 балл** |
| ▪ грамматикалық құрылымды қолдануда, тиісті сөздерді байланыстыруда стильдік, пунктуациялық, қателіктер кездеседі (5-7)<br>▪ сөйлем мүшелерін дұрыс қолданбайды<br>▪ жай сөйлемдерді құрастыру кезінде қателіктер бар, ойын жеткізуде қарапайым тілдік бірліктермен ғана шектеледі | **6-5 балл** |
| ▪ қарапайым грамматикалық құрылымдарды пайдалану кезінде көп қателіктер кездеседі<br>▪ грамматикалық, стильдік, пунктуациялық сауаты төмен<br>▪ 8-9 ауызекі сөйлеу стилінің элементтері кездеседі | **4-3 балл** |
| ▪ грамматикалық құрылымдарды мүлдем пайдалана алмайды<br>▪ грамматикалық, стильдік, пунктуациялық сауаты өте төмен<br>▪ ойын жеткізуде сөз тіркестерімен шектеледі | **2-0 балл** |